Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясының сыбайлас жемқорлық ішкі талдау қорытындысының талдамалығында анықталған тәуекелдер және ұсынымдар
(мерзімі: 01.05.2025-31.05.2026ж.)

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Шымкент қаласы бойынша аумақтық инспекциясында сыбайлас жемқорлық тудыратын **тәуекелдер**:

Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі бөлімі.

1. Құзыретінде бақылау және қадағалау болып табылатын ветеринариялық-санитариялық инспектор, аталған жүйе арқылы өнімдерді өздігінше рәсімдеп (қабылдап), істі жеңілдету мақсатында жеке немесе заңды тұлғалармен келісу арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелін жоғарылату мүмкін.

Биологиялық қауіпсіздік бөлімі.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мемлекеттік қызметтерді көрсету, ветеринариялық-санитариялық қорытынды, есептік номер беру кезінде инспектордың нысанға барып тексеру барысында пайда болуы мүмкін.

Шекара мен көліктегі мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бөлімі.

3. Ветеринария саласында мемлекеттік қызметтер көрсетуде (ветеринариялық сертификат пен экспорт, импортқа тиісті рұқсат беру), көрсетілетін қызметті алушы мен беруші арасындағы тікелей қарым-қатынас болғандықтан сыбайлас жемқорлық тәуекелінің дәрежесі жоғары.

Ұ с ы н ы с:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелділігінің алдын-алу мақсатында, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау және қадағалау үшін, «VetLab» жүйесі арқылы өнімдерді қабылдауды, ішкі сауда объектілеріндегі ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханаларының құзыреттілігіне өткізу;

2. Ротация жүйесі: Сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары лауазымдағы тұлғаларды (инспектор, кеденшілер сатып алу мамандары) әр 2-3 жыл сайын міндетті түрде басқа өңірге немесе бөлімге ауыстыру;

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында мамандардың нысандарға барып тиісті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүргізулерін ветеринария саласына қатысты тиісті құқықтық актілерге өзгерістер енгізіп, онлайн қатысуды ұсыну.

Жұмыс тобы:

Инспекция басшысы А.Пәрдебекұлы

Инспекция басшысының
орынбасары А.А.Иргебаев

Әкімшілік және қаржылық
қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Г.С.Нуртаева

Әкімшілік және қаржылық қамтамасыз
ету бөлімінің бас маман – заңгері Б.И.Бейсенов

Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі
бөлімінің басшысы А.О.Есалиев

Биологиялық қауіпсіздік
бөлімінің басшысы С.А.Карабек

Шекара мен көліктегі мемлекеттік
ветеринариялық-санитариялық
бақылау және қадағалау
бөлімінің басшысы Ә.Ә.Елберген

«Жаңару» Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы жалпыұлттық қозғалысы»
РҚБ –нің Шымкент қаласы
және Түркістан облысы бойынша
филиалының директоры К.Б.Досалиев